



«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы  
акционерлік қоғамы

|   |   |   |
|---|---|---|
| Құжаттың атауы:                                   | «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Ақпараттық қауіпсіздік менеджменті жүйесі жөніндегі нұсқама |   |
| Құжаттың түрі: Нұсқама                            | 4-нұсқа   | 16-беттің 1-беті  |
| Әзірлеген: Сагнаев Е.А.<br><br>2020 ж. «20» ақпан | Тексерген: Ермекбаев Е.К.<br><br>2020 ж. «20» ақпан                             | «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасының<br>2020 ж. «20» наурыз<br>шешімімен бекітілген<br>№ хаттама 8 |

## 1. ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

### 1.1. Жалпы ережелер

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (бұдан әрі – ҚМГ) «Ел экономикасының мұнай-газ секторындағы мемлекеттің мүдделерін одан әрі қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 20 ақпандағы №811 Жарлығына және «Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 20 ақпандағы №811 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 25 ақпандағы № 248 N 811 қаулысына сәйкес құрылған.

ҚМГ қызметінің негізгі түрлері «Самұрық-Қазына» АҚ тұлғасында ҚМГ барлық дауыс беруші акцияларына ие тұлғаның шешімімен бекітілген ҚМГ Жарғысымен белгіленеді.

ҚМГ-да ақпараттық қауіпсіздік менеджменті жүйесі (бұдан әрі – АҚМЖ) әзірленген және қолданысқан енгізілген, бұл ҚМГ қызметінде оларды пайдалану кезінде ақпараттық ресурстар қауіпсіздігін қамтамасыз ететін ақпаратты қорғауды басқарудың барабар және пропорционалдық құралдарын таңдауда ҚМГ-ның қамтамасыз ету қабілеттігін растайды.


АҚМЖ ISO/IEC 27001:2013 «Ақпараттық технология. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету әдістері. Ақпараттық қауіпсіздік менеджменті жүйесі. Талаптар» халықаралық стандартының талаптары негізінде әзірленген.

АҚМЖ ақпараттың аса құпиялылығын, тұтастығын және қол жетімділігін сақтайды және мүдделі тараптардың тәуекелдерді жеткілікті шамада басқаруға деген сенімділігін қамтамасыз етеді.

АҚМЖ менеджменттің жалпы құрылымының бір бөлігі болып табылады, бұл ретте ақпараттық қауіпсіздік ақпараттық жүйелерді әзірлеудің барлық циклі ішінде, сондай-ақ жеткізушілермен қатынаста ескеріледі.

Ақпараттық қауіпсіздік менеджменті жүйесі жөніндегі нұсқама (бұдан әрі – Нұсқама) ISO/IEC 27001:2013 стандартының талаптарын іске асыру, ҚМГ және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету процесіне тартылған құрылымдық бөлімшелері қызметкерлерінің өкілеттіктері мен міндеттерін бөлу мәселелерін сипаттайды. Бұл ретте АҚМЖ сапалы ұйымдастыру мақсатында қарама-қайшы міндеттер мен жауапкершілікті бөледі.



|  |   |                         |
|--|---|-------------------------|
|  <b>ҚазМұнайГаз</b><br><small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small> | <b>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Ақпараттық қауіпсіздік менеджменті жүйесі бойынша басшылық</b> |                         |
| <b>Нұсқама</b>   | <b>4-нұсқа</b>  | <b>16-беттің 2-беті</b> |

## 1.2. АҚМЖ қолдану

АҚМЖ қолдану саласының аумақтық шекаралары келесі мекенжай: Нұр-Сұлтан қаласы, Қонаев көшесі, 8 бойынша орналасқан ҚМГ орталық офисін енгізеді.

АҚМЖ қолдану саласы ҚМГ барлық құрылымдық бөлімшелеріне таралады.

АҚМЖ қолдану саласына келесі ресурстар мен технологиялар енгізілген:

1) АҚ бастапқы ресурстары:

- ақпарат (ақпараттық активтер);
- процестер;

2) қосалқы ресурстар:

- аппараттық қамтамасыз ету;
- бағдарламалық жасақтама;
- сервистер немесе бизнес-қосымшалар;
- желі және (немесе) желілік жабдықтар;
- адами ресурстар;

- ҚМГ орналасқан жерімен байланысты ресурстар (жайлар, физикалық қауіпсіздік және ақпараттық қауіпсіздік жүйесінің аймақтары, телекоммуникация және жабдықтарға қызмет көрсету қызметтері, тіршілікті қамтамасыз ету жүйелері).

АҚМЖ қолдану саласы келесі процестер қатынасында қолданылады:

«Бизнес-жоспарларды, қаржылық және басқарушылық есептіліктерді шоғырландыру»;

«Геологиялық-геофизикалық ақпараттық жүйелерді басқару».

АҚМЖ қолдану саласы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Ақпараттық қауіпсіздік саясатының («ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасының 2015 жылғы 10 қарашадағы шешімімен бекітілген, №55 хаттама, 5-тармақ) қолданыстағы нұсқасына сәйкес белгіленген және қажеттілік жағдайында қайта қаралуы мүмкін. Бұл ретте тестілеу шеңберінде жетекші ететін басшылардың келісімімен АҚМЖ қолдану саласын кеңейтуге рұқсат етіледі.


## 2. Нормативтік сілтемелер

АҚМЖ әзірлеу кезінде халықаралық стандарттар пайдаланылған:

ISO/IEC 27001:2013 - «Ақпараттық технология. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету әдістері. Ақпараттық қауіпсіздік менеджменті жүйесі. Талаптар»;

ISO/IEC 27002:2013 - «Ақпараттық технология. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету әдістері. Ақпаратты қорғауды басқару жөніндегі қағидалар жиынтығы»;



|  |   |                         |
|--|---|-------------------------|
|  <b>ҚазМұнайГаз</b><br><small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ ҚОМПАНИЯСЫ</small> | <b>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Ақпараттық қауіпсіздік менеджменті жүйесі бойынша басшылық</b> |                         |
| <b>Нұсқама</b>   | <b>4-нұсқа</b>  | <b>16-беттің 3-беті</b> |

ISO/IEC 27003:2017 - «Ақпараттық технология. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету әдістері мен құралдары. Ақпараттық қауіпсіздік менеджменті жүйесі. Нұсқама»;

ISO/IEC 27004:2016 - «Ақпараттық технология. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету әдістері мен құралдары. Ақпараттық қауіпсіздік менеджменті. Мониторингтеу, өлшеу, талдау және бағалау»;

ISO/IEC 27005:2018 — «Ақпараттық технология. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету әдістері мен құралдары. Ақпараттық қауіпсіздік тәуекелі менеджменті».


### 3. АНЫҚТАМАЛАР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

Осы Нұсқамада келесі анықтамалар мен қысқартулар пайдаланылады:

|  |   |
|--|---|
| <b>Ақпараттың қолжетімділігі</b>           | - оларды кедергісіз іске асырылуы мүмкін қол жетімділік құқығы бар субъектілер кезіндегі ақпараттың жай-күйі (ақпаратты пайдалануға, оқуға, өзгертуге, көшіруге, жоюға арналған құқық)  |
| <b>Ақпараттың құпиялылығы</b>              | - ақпаратқа қол жетімділікті тек осыған құқығы бар субъектілер ғана жүзеге асыра алатын ақпараттың жай-күйі   |
| <b>Ақпараттың (ресурстардың) тұтастығы</b> | - ақпаратты өзгертуді тек осыған құқығы бар субъектілер жүзеге асыра алатын ақпараттың жай-күйі   |
| <b>Ақпараттық қауіпсіздік (АҚ)</b>         | - ҚМГ ақпараттық кеңістікті, сондай-ақ ҚМГ құқықтары мен мүдделерін және ақпараттық саладағы оның әрбір қызметкерін нақты және әлеуетті қатерлерден қорғаудың жай-күйі, сол кезде ақпараттық активтердің құпиялылығын, тұтастығын және қолжетімділігін қамтамасыз етіледі |
| <b>Ақпараттық актив</b>                    | - ҚМГ үшін құндылығы бар ақпарат және ақпарат тасығыштар, материалдық немесе өзге шығындарға әкелуі мүмкін құпиялылығын/тұтастығын/қолжетімділігін жоғалту тәуекелі   |
| <b>АҚ оқиғасы</b>                          | - бизнес-процестердің үлкен тәуекеліне ұшырайтын немесе ақпараттық қауіпсіздікке қатер төндіретін, ақпараттық қауіпсіздіктегі дара оқиға  |

*Ә.М.*




|  |   |                         |
|--|---|-------------------------|
|  <b>ҚазМұнайГаз</b><br><small>NATIONAL COMPANY ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ</small> | <b>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Ақпараттық қауіпсіздік менеджменті жүйесі бойынша басшылық</b> |                         |
| <b>Нұсқама</b>   | <b>4-нұсқа</b>  | <b>16-беттің 4-беті</b> |

немесе бірқатар тиімсіз немесе күтпеген оқиғалар

|   |   |
|---|---|
| <b>Ақпараттық қауіпсіздік менеджменті (АҚМЖ) жүйесі</b>                               | - АҚ жобалау, енгізу, жұмыс істеу, мониторингтеу, талдау, сүйемелдеу және жақсартуға арналған АҚ тәуекелдерді бағалауға негізделген жалпы басқару жүйесінің бөлігі  |
| <b>АҚМЖ бойынша басшылық өкілі</b>  | - ҚМГ Басқармасы төрағасының бұйрығымен басшылық құрамынан, функционалдық блоктар басшылығынан немесе Басқарма төрағасына тікелей бағынатын және ақпараттық қауіпсіздік үшін жауап беретін құрылымдық бөлімшелердің басшыларының арасынан тағайындалатын ҚМГ қызметкері |
| <b>АҚМЖ үшін жауапты</b>  | - АҚМЖ оперативті басқару үшін жауапты ДҚБ қызметкері   |
| <b>АҚМЖ саласы қолдану</b>  | - ҚМГ АҚМЖ іс-әрекеттері таралатын аумақтық шекараларда белгіленген ресурстар мен құрылымдық бөлімшелердің процестері   |
| <b>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ АҚМЖ басқару құралдарын қолдану туралы декларация (өтініш)</b> | - ҚМГ АҚМЖ қатысты басқару құралдарын сипаттайтын құжат. ISO/IEC 27001:2013 стандартының А қосымшасы негізінде құрастырылған  |
| <b>АҚМЖ пайдаланушылары</b>   | - ҚМГ барлық құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлері (осы Нұсқаманың мақсаттары үшін)   |
| <b>АҚ тәуекелі</b>  | - осалдық байқалған кезде АҚ қатерлерін (АҚ оқиғасы басталғанда) іске асыру кезінде ҚМГ-ға залал келтірудің әлеуетті қауіптілігі  |
| <b>АҚМЖ жөніндегі жұмыс тобы</b>  | - ҚМГ-да құрылған АҚМЖ басқару және жұмыс жағдайында қолдау көрсету жөніндегі тұрақты қолданыстағы орган  |
| <b>АҚ қатері</b>  | - ҚМГ-ға залал келтіруі мүмкін АҚ оқиғасының әлеуетті себебі  |

*Оле*



|  |   |                         |
|--|---|-------------------------|
|  <b>ҚазМұнайГаз</b><br><small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small> | <b>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Ақпараттық қауіпсіздік менеджменті жүйесі бойынша басшылық</b> |                         |
| <b>Нұсқама</b>   | <b>4-нұсқа</b>  | <b>16-беттің 5-беті</b> |

|                                      |  |
|--------------------------------------|--|
| <b>Осалдығы</b>                      | - АҚ қатерлерін іске асыру шарты болуы мүмкін процестегі, ақпараттық жүйедегі жетіспеушілік немесе осал жері   |
| <b>Ақпараттық жүйелер (АЖ)</b>       | - ақпаратты жинауды, сақтауды, өңдеуді және таратуды қамтамасыз ететін технологиялық тізбекке біріктірілген әдістермен процестердің және бағдарламалық-техникалық құралдардың жиынтығы |
| <b>Ақпараттық технологиялар (АТ)</b> | - электрондық-цифрлық технологиялар мен ақпараттық жүйелер көмегімен ақпараттық процестерді жүзеге асыру құралдары, тәсілдері, әдістері мен модельдерінің жүйесі                       |
| <b>АҚ блогы</b>                      | - ақпараттық технологияларға жауап беретін ҚМГ құрылымдық бөлімшесі  |
| <b>ҚМГ</b>                           | - «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы  |
| <b>ДКБ</b>                           | - корпоративтік қауіпсіздік департаменті   |

#### **4. Ақпараттық қауіпсіздік менеджменті жүйесі**

##### **4.1. Жалпы талаптар**

ҚМГ-да АҚМЖ әзірленген, енгізілген, жұмыс істейді, тұрақты бақылау жасалады, талдау жасалады және жұмыс жағдайында қолдау көрсетіледі. АҚМЖ негізгі элементтері АҚМЖ құжаттамасында сипатталған.


ҚМГ-да АҚМЖ енгізу мақсаты: ақпараттың аса құпиялылығын, тұтастығын және қолжетімділігін қамтамасыз ету, сондай-ақ бизнес-процестерді үздіксіз жүргізуді қамтамасыз ету болып табылады.

АҚМЖ негізгі міндеттері:

- ҚМГ ақпараттық ресурстарына қол жеткізе алатын ҚМГ барлық қызметкерлеріне және үшінші тарап өкілдеріне АҚМЖ талаптарын түсіндіру;
- АҚМЖ тәуекелдерін басқару үшін бақылау механизмдерін енгізу және пайдалану;
- АҚМЖ тиімділігін мониторингтеу және тексеру;
- объективті өлшеу базасында АҚМЖ үздіксіз жетілдіру болып табылады.

Ақпаратты қорғау үшін, сондай-ақ ақпараттың құпиялылығын, тұтастығын және қолжетімділігін бұзушылықтан оны өңдеу құралдарын қорғау үшін ДКБ мен АҚ блогы АҚМЖ қамтамасыз етудің



|  |   |                         |
|--|---|-------------------------|
|  <b>ҚазМұнайГаз</b><br><small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small> | <b>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Ақпараттық қауіпсіздік менеджменті жүйесі бойынша басшылық</b> |                         |
| <b>Нұсқама</b>   | <b>4-нұсқа</b>  | <b>16-беттің 6-беті</b> |

ұйымдастырушылық, физикалық, техникалық, бағдарламалық және бағдарламалық-аппараттық құралдарын қолданады.

АҚМЖ қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына, ҚМГ-мен жасасылған шарттардың талаптарына, сондай-ақ ҚМГ ақпаратын қорғауға қойылатын талаптарға сәйкес келеді.

АҚМЖ басқару рәсіміне процестік тәсіл қолданылады, бұл келесі кезеңдерді бірізділікті орындаудан тұрады:

- ҚМГ-ның АҚМЖ-ға қоятын талаптарын, сондай-ақ АҚМЖ қамтамасыз ету саясаты мен мақсаттарын анықтау;

- ҚМГ барлық тәуекелін жалпы басқару процесінің бір бөлігі ретінде ақпараттық ресурстарды басқарудың жүзеге асыру (АҚМЖ-ға қойылатын талаптардың орындауды қамтамасыз ету);

- АҚМЖ процестерін орындауды мониторингтеу және тексеру;

- АҚМЖ-ға қойылатын талаптарды қайта қарау (ҚМГ бизнес-талаптарының өзгерісіне сәйкес) және АҚМЖ басқару рәсімдерін жақсарту.

PDCA-модель (Plan – Do – Check – Act) негізінен АҚМЖ процестерінің құрылымында қолданылады. Аталған модель төрт бірізділікті кезеңнен тұрады, бұл әрбір процесс үшін орындалады:

- жоспарлау;

- енгізу;

- жұмыс істеуін тексеру;

- жетілдіру.

Басқару жүйесі процестерінің тиімді жұмыс істеуі үшін PDCA-моделі циклді түрде қолданылады, яғни барлық кезеңдерді орындау тұрақты түрде қайталанатын. Басқару рәсімдеріне қажеттілік жағдайында басқа да модельдер (немесе олардың элементтері) қолданылуы мүмкін.

## **4.2. АҚМЖ құру және менеджменті**

### **4.2.1. АҚМЖ құру**

ҚМГ-да АҚМЖ құру мақсатында келесі іс-шаралар іске асырылған:

- 1) АҚМЖ қолдану саласы анықталған;


- 2) ҚМГ Басқармасымен «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Ақпараттық қауіпсіздік саясаты әзірленген және бекітілген;

- 3) ҚМГ-да тәуекелдерді бағалауға тәсіл анықталған, тәуекелдерді бағалау әдіснамасы, тәуекелдерді қабылдау критерийлері сипатталған, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін басқару қағидасына (**KMG-PR-1752.3-22**) сәйкес тәуекелдердің қолайлы деңгейлерінде белгіленген;

- 4) ҚМГ тәуекелдері анықталған. Ресурстардың түгендеу туралы есепте (**KMG-F-1755.3-22/PR-1752.3-22**) және Ақпараттық қауіпсіздік қатерлері

*Олс*



|  |   |                         |
|--|---|-------------------------|
|  <b>ҚазМұнайГаз</b><br><small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small> | <b>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Ақпараттық қауіпсіздік менеджменті жүйесі бойынша басшылық</b> |                         |
| <b>Нұсқама</b>   | <b>4-нұсқа</b>  | <b>16-беттің 7-беті</b> |

каталогында (**KMG-F-1756.3-22/PR-1752.3-22**) ҚМГ бағалы ресурстары, ресурстардың иелері, осы ресурстар үшін әлеуетті қатерлер көрсетілген;

5) тәуекелдерге қайта талдау жасалған және тәуекелдердің маңыздылығы бағаланған, ресурстардың құпиялылығын, тұтастығын немесе қолжетімділігін жоғалтуды ұйымдастыруға әсер ететін келеңсіз әсерлерді бағалау, ресурстарды қорғаудың бұзушылықтар оқиғаларының ықтималдығын бағалау, сондай-ақ ағымдағы сәтте іске асырылатын басқару құралдарын және тәуекелдер деңгейін бағалау жүргізілген;

6) тәуекелдерді өңдеуге арналған мүмкіндіктер анықталған және бағаланған;

7) тәуекелдерді өңдеуге арналған басқару мақсаты мен басқару құралдары таңдап алынған;

8) қалдық тәуекелді ұсынатын Нұсқаманы бекіту алынды;

9) АҚМЖ енгізуге және пайдалануға басшылықтың рұқсаты алынған;

10) ақпараттық қауіпсіздік саласындағы мақсаттарға қол жеткізу үшін нақты іс-шараларды анықтайтын жоспарлар, орындау мерзімі, орындауға жауаптылар, сондай-ақ қажетті ресурстар әзірленген;

11) «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ АҚМЖ басқару құралдарын қолдану туралы декларация (өтініш) әзірленген.

#### **4.2.2. АҚМЖ пайдалану**

Тәуекелдерді азайту немесе болдырмауды қамтамасыз ету, сондай-ақ АҚМЖ тұрақты қабілеттілігін қамтамасыз ету мақсатында ҚМГ-да жоспарланған нәтижелерге қол жеткізу тұжырымдалған және АҚ тәуекелдерін басқару жөніндегі іс-шаралар жоспары іске асырылып жатыр.

ҚМГ-да басқару мақсаттарына қол жеткізу үшін басқару құралдары әзірленген және іске асырылып жатыр, бұл Ақпараттық қауіпсіздік саясатына, сондай-ақ тәуекелдерді басқару нәтижелеріне сәйкес келеді. Басқару құралдары АҚМЖ құжаттарында баяндалған.


#### **4.2.3. АҚМЖ тұрақты бақылау және талдау**

АҚМЖ тұрақты бақылау мен талдау қауіпсіздік оқиғаларын анықтау және болдырмау, сондай-ақ оларды жою үшін қабылданатын шаралар тиімділігін анықтау мақсатында жүргізіледі. АҚМЖ нәтижелілігіне және жұмыс істеуіне келеңсіз әсер етуі мүмкін барлық іс-қимылдар мен оқиғалар тіркеледі. Бұл ретте ақпараттық қауіпсіздік функциялары мен ақпараттық технологиялар бөлінген.

АҚ оқиғаларын басқару «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Ақпараттық қауіпсіздік менеджменті жүйесінің оқиғаларын басқару жөніндегі жұмыс нұсқаулығына (**KMG-RI-1946.2-22**) сәйкес жүзеге асырылады. Бұл ретте қауіпсіздікпен және осалдықпен байланысты оқиғалар туралы ақпараттандыруды қоса

*Ан*



|  |   |                         |
|--|---|-------------------------|
|  <b>ҚазМұнайГаз</b><br><small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small> | <b>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Ақпараттық қауіпсіздік менеджменті жүйесі бойынша басшылық</b> |                         |
| <b>Нұсқама</b>   | <b>4-нұсқа</b>  | <b>16-беттің 8-беті</b> |

алғанда, ақпараттық қауіпсіздік оқиғаларын бірізділікті және нәтижелі басқару тәсілі жүзеге асырылады.

АҚМЖ үшін жауапты адам АҚМЖ тиімділігін тексеру міндеттері бар жоспарды қалыптастырады және ҚМГ АҚМЖ бойынша Нұсқаматы бекітеді. АҚМЖ нәтижелілігін және тиімділігін талдау «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Ақпараттық қауіпсіздік менеджменті жүйесінің тиімділігін және таңдап алынған басқару құралдарының нәтижелілігін бағалау жөніндегі жұмыс нұсқаулығына (**KMG-RI-1951.2-22**), сондай-ақ «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Менеджменті жүйесі жөніндегі кеңес туралы ережеге (**KMG-PL-1093.7-59**) сәйкес жүзеге асырылады. АҚМЖ үшін жауапты адам бағалау нәтижелері бойынша АҚМЖ тиімділігін бағалау бойынша есепті қалыптастырады және АҚМЖ бойынша Нұсқаманы бекітеді.

Ақпараттық қауіпсіздікті талдау мақсаты ақпараттық қауіпсіздік Ақпараттық қауіпсіздік саясатына және АҚМЖ құжаттарына сәйкес қамтамасыз етілетіндігін және басқарылатындығын растау болып табылады.

Қолданылатын заңнамалық талаптардың орындалуын бақылау «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Ақпараттық қауіпсіздік менеджменті жүйесінің заңнамалық және шарттық талаптарға сәйкестігін бағалау жөніндегі жұмыс нұсқаулығына (**KMG- RI-2024.2-22**) сәйкес жүзеге асырылады.

#### **4.2.4. АҚМЖ жұмыс жағдайында қолдау және жақсарту**

АҚМЖ үшін жауапты адам:

1) барлық анықталған жақсартуларды АҚМЖ-не енгізу, басқа ұйымдардың ақпараттық қорғау тәжірибесін қолдану арқылы АҚМЖ жұмыс қабілеттілігін қамтамасыз ету және жақсарту бойынша жұмысты тұрақты негізде үйлестіреді;

2) мүдделі тараптарды ақпараттық қауіпсіздік көрсеткіштерін жақсартуға бағытталған барлық іс-қимылдар туралы, ҚМГ қызметкерлерінің АҚМЖ нәтижелілігіне қосқан үлесі туралы, сондай-ақ АҚМЖ талаптарының сақталмауынан болатын мүмкін зардаптары туралы хабардар етеді.

#### **4.3. Құжаттарға қойылатын талаптар**


ҚМГ АҚМЖ құжаттамасы АҚМЖ тиімді жұмыс істеуі үшін қажетті көлемде жүргізіледі; басқарушылық шешімдердің жазбасын енгізеді, сондай-ақ таңдап алынған басқару құралдарын бағалау мен өңдеу процесінің нәтижелерінің өзара байланысын көрсете отырып, нәтижелердің жаңғыртылуын қамтамасыз етеді.

ҚМГ АҚМЖ құжаттамасына келесілер:

- АҚ саласындағы саясаты мен мақсаты туралы құжатталған өтініш;
- АҚМЖ қолдану саласын сипаттау;

*Ан*



|  |   |                         |
|--|---|-------------------------|
|  <b>ҚазМұнайГаз</b><br><small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small> | <b>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Ақпараттық қауіпсіздік менеджменті жүйесі бойынша басшылық</b> |                         |
| <b>Нұсқама</b>   | <b>4-нұсқа</b>  | <b>16-беттің 9-беті</b> |

- АҚМЖ құжаттамасының тізбесіне сәйкес АҚМЖ қолдауға басқару рәсімдері мен құралдары;

- тәуекелдерді бағалау әдіснамасын сипаттау;
- тәуекелдерді бағалау туралы есеп;
- тәуекелдерді өңдеу туралы жоспар енгізіледі.

АҚМЖ құжаттамасы АҚЖ басқару жөніндегі қағидасына (KMG- PR-1.13-59) сәйкес басқарылады.

## **5. Нұсқаманың жауапкершілігі**


### **5.1. Нұсқаманың міндеттемелері**

ҚМГ басшылығы ISO/IEC 27001:2013 халықаралық стандарттың талаптарына сәйкес АҚМЖ құру, енгізу, пайдалану, тұрақты бақылау, талдау, жұмыс жағдайында қолдау көрсету және жақсарту туралы, сондай-ақ аталған стандарттың талаптарын ҚМГ-да қолданыстағы менеджмент жүйесімен біріктіру туралы шешім қабылдады. Бұл шешім келесі іс-қимылдарда:

- ақпараттық қауіпсіздік саясатын бекіту, бұл жоспарланған уақыт аралығы арқылы немесе ҚМГ басқару жүйесінің маңызды өзгерістері жағдайында барабарлық пен өзектілік сипатына қарай талдау жасалады;
- тәуекелдерді қабылдау критерийлері және тәуекелдердің қолайлы деңгейлері туралы шешімдер қабылдау;
- бизнесті үздіксіз жүргізу жоспарларын, тәуекелдерді өңдеу жоспарларын бекіту және т.б.;
- АҚМЖ рольдік құрылымын бекіту;
- АҚМЖ тиімділігіне мүмкіндік беретін ҚМГ қызметкерлерін ынталандыру және қолдау;
- жобаларды басқаруда ақпараттық қауіпсіздікті қарау;
- АҚМЖ құру, енгізу, пайдалану, тұрақты бақылау, талдау, жұмыс жағдайында қолдау көрсету және жақсарту үшін ресурстардың жеткілікті мөлшерін және олардың қолжетімділігін қамтамасыз ету;
- АҚМЖ ішкі аудиттерін жүргізу, АҚМЖ берілген нәтижелеріне қол жеткізуді қамтамасыз ету;
- басшылық тарапынан АҚМЖ талдау жүргізу;
- ақпараттық қауіпсіздік мәселелері бойынша билік органдарымен және ұйымдарымен тұрақты өзара әрекеттесу, озық тәжірибені жалпы қорытындылау;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Ақпараттық қауіпсіздік саясатына сәйкес және ақпаратты қорғау мақсаттарын орындаудың маңыздылығы туралы, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ҚМГ жауапкершілігі мен АҚМЖ үздіксіз жақсартудағы ҚМГ қажеттіліктері туралы ақпаратты ҚМГ және

*Әле*



|  |   |                          |
|--|---|--------------------------|
|  <b>ҚазМұнайГаз</b><br><small>NATIONAL COMPANY ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ</small> | <b>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Ақпараттық қауіпсіздік менеджменті жүйесі бойынша басшылық</b> |                          |
| <b>Нұсқама</b>   | <b>4-нұсқа</b>  | <b>16-беттің 10-беті</b> |

өзара әрекеттесуші ұйымдардың барлық қызметкерлерінің назарына жүйелі жеткізу кезінде көрсетіледі.

## 5.2. Ресурстар менеджменті

ҚМГ басшылығы барлық бизнес-процестердің жұмыс істеуі үшін ақпараттық ресурстардың маңыздылығын түсіне отырып, АҚМЖ жұмыс қабілеттілігін қамтамасыз ету ҚМГ қызметкерлерінің міндетіне олардың лауазымдық міндеттерін орындаумен қатар кіретіндігін мағлұмдайды.


ҚМГ Басқармасының төрағасы АҚМЖ басқарудың барлық іске асырылған құралдарын дұрыс қолдану үшін жауапкершілік алады, бұл АҚМЖ-ға қатысты көшбасшылық пен қолдаушылықты көрсете отырып, ҚМГ ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі қызметке бастамашылық ету, ақпараттық қауіпсіздік рәсімдерімен бірге бизнес талаптарын қолдауды қамтамасыз ету үшін және АҚМЖ жұмыс істеуі үшін қажетті ресурстарды ұсыну, АҚМЖ қамтамасыз ету жөніндегі қызметтің орындалуын бақылауды енгізеді.

АҚМЖ-ты ҚМГ Басқармасының төрағасы басқарады, ол АҚМЖ бойынша басшылық өкілі арқылы басқарылады. АҚМЖ бойынша басшылық өкілі ҚМГ Басқармасы төрағасының бұйрығымен басшылық құрамынан немесе Басқармасы төрағасына тікелей бағынатын және ақпараттық қауіпсіздік үшін жауап беретін құрылымдық бөлімшелердің басшыларының арасынан тағайындалады. Олар өздерінің негізгі лауазымдық міндеттеріне қарамастан келесілер:

- ақпараттық қауіпсіздік мәселелерін шешу үшін нақты мақсаттар мен ағымдағы міндеттерді анықтау;
- ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесінің бірыңғай саясатын жүргізу, ағымдағы басқару, тиімді жұмыс істеуін басқару;
- АҚМЖ-ға қатысты мәселелер бойынша сыртқы ұйымдармен өзара әрекеттесуді үйлестіру;
- біріктірілген басқару жүйесі бойынша басшылықтың өкілімен бірге АҚМЖ проблемалық мәселелерін қарау және өз құзыреті шегінде шешімдер қабылдау;
- ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және ҚМГ-да тәуекелдерді басқаруды қамтамасыз ету үшін стандарттарды, саясатты және қағидаларды қолдануды тексеру;
- ҚМГ басшылығына ақпараттық қауіпсіздік мәселелері бойынша кеңес беру;
- ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін мерзімдік бағалау және саясатты, рәсімдерді және қағидаларды сақтау;

*De*



|  |   |                          |
|--|---|--------------------------|
|  <b>ҚазМұнайГаз</b><br><small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small> | <b>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Ақпараттық қауіпсіздік менеджменті жүйесі бойынша басшылық</b> |                          |
| <b>Нұсқама</b>   | <b>4-нұсқа</b>  | <b>16-беттің 11-беті</b> |

- ақпараттық қауіпсіздік мәселелері бойынша ҚМГ басшылары мен қызметкерлерін оқытуды ұйымдастыру, АҚМЖ талаптарын ҚМГ қызметкерлерінің назарына жеткізу;

- ақпараттық қауіпсіздікпен байланысты оқиғалар болған жағдайда жаттығулар жүргізуді бақылау және іс-қимылдар бойынша жаттығулар жүргізу нәтижелерін талдау;

- ақпараттық қауіпсіздікті бағалау үшін әзірленген саясатты, міндеттерді, рәсімдер мен көрсеткіштерді бекітуді қамтамасыз ету;

- ақпараттық қауіпсіздік саласындағы оқиғаларды зерттеу мен талдау, ақпараттық қауіпсіздік саласындағы оқиғаларға жауап беру, желілік және ақпараттық қауіпсіздікті жақсарту жөнінде шаралар әзірлеу;

- ҚМГ қызметкерлерінің АҚМЖ құжаттамасының талаптарының бұзушылықтары үшін тәртіптік жауапкершілікке тарту туралы мәселеге бастамашы ету;

- ҚМГ басшылығымен бекітілген ақпараттық қауіпсіздікпен байланысты құжаттарды орындауды бақылау;

- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ АҚМЖ басқару және жұмыс жағдайында қолдау көрсету жөніндегі тұрақты қолданыстағы жұмыс тобының (бұдан әрі – АҚМЖ бойынша жұмыс тобы) жұмысын ұйымдастыру, сондай-ақ жетекшілік ететін басшылармен келісім бойынша ақпараттық қауіпсіздік бойынша іс-шараларға құрылымдық бөлімшелерді тарту;

- ақпараттық қауіпсіздікпен байланысты болған оқиғаларды талдай отырып баяндама дайындау, зардаптарды өтеу үшін және осыған ұқсас оқиғалардың алдын алу үшін шаралар әзірлеу үшін жауапкершілік алады.

АҚМЖ бойынша басшылық өкілі белгіленген тәртіппен ҚМГ барлық құрылымдық бөлімшелерімен, ҚМГ еншілес ұйымдарымен және тәуелсіз қоғамдарымен, сондай-ақ өзінің өкілеттіктеріне сәйкес өзге де ұйымдармен және мемлекеттік органдармен өзара әрекеттеседі.

АҚМЖ бойынша басшылық өкілі уақытша болмаған жағдайда (ауру, іссапар, демалыс және т.б.) оның функциясын ҚМГ Басқармасының бұйрығымен тағайындалған тұлға орындайды.

АҚМЖ жұмыс істеуін қамтамасыз ету бойынша оперативті жұмысты процестердің иелерінің жәрдемімен АҚМЖ үшін жауапты тұлға жүзеге асырады.

АҚМЖ үшін жауапты тұлға келесілер:

- АҚМЖ құжаттарын әзірлеу;

- АҚМЖ әзірлеу, енгізу, басқару және жақсарту жөніндегі қызметі;


- АҚМЖ ішкі аудиттерін ұйымдастыру;

- ақпараттық қауіпсіздік мәселелері бойынша АҚМЖ бойынша басшылық өкілін хабардар ету;

- ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін мерзімдік бағалауды жүргізу және тәуекелдерді азайту жөніндегі жоспарларды әзірлеу;

*Ас*



|  |   |                          |
|--|---|--------------------------|
|  <b>ҚазМұнайГаз</b><br><small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small> | <b>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Ақпараттық қауіпсіздік менеджменті жүйесі бойынша басшылық</b> |                          |
| <b>Нұсқама</b>   | <b>4-нұсқа</b>  | <b>16-беттің 12-беті</b> |

- ақпараттық қауіпсіздікпен байланысты оқиғаларды құжаттау және бұл туралы АҚМЖ бойынша басшылық өкілін дереу хабардар ету үшін жауапкершілік алады.

АҚМЖ әзірлеу, өзекті сипат беру және жұмыс істеудің барлық мәселелері АҚМЖ жөніндегі жұмыс тобымен, АҚМЖ бойынша басшылық өкілінің және АҚМЖ жөніндегі жұмыс тобының мүшелерімен шешіледі.

АҚМЖ жөніндегі жұмыс тобы келесілер:

- ақпараттық қауіпсіздікпен байланысты нақты мәселелер бойынша АҚМЖ бойынша басшылық өкілінің және АҚМЖ бойынша жауапты тұлғаның сараптамалық кеңестері;

- АҚМЖ бойынша басшылық өкілінің және АҚМЖ бойынша жауапты тұлғаның тапсырмалары бойынша АҚМЖ нәтижелілігін мамандандырылған бағалауды орындау;

- АҚМЖ құжаттарына оларға қатысты бөлігінде өзекті сипат беру;

- ақпараттық қауіпсіздік саласындағы жақсартулар бойынша ұсыныстар үшін жауапкершілік алады.

ДКБ ҚМГ ақпаратын қорғауды қамтамасыз ететін бағдарламалық және техникалық кешендердің қауіпсіздігін бақылау, электрондық құжат айналымын қорғау бойынша қауіпсіздік талаптарын сақтау, Интернет желісінің ресурстарын мақсатты пайдалану, ақпараттық қауіпсіздік оқиғаларының болуын мониторингтеу үшін жауапкершілік алады.

АҚ блогы ҚМГ ақпараттық және телекоммуникациялық инфрақұрылымның тиісті және үздіксіз жұмысын бақылау мен қамтамасыз ету үшін жауапкершілік алады.

АҚМЖ қолдану саласындағы құрылымдық бөлімшелердің басшылары келесілер:

- АҚМЖ табысты енгізу, жұмыс қабілетін қамтамасыз ету және олардың процестері қолданысын жақсарту;

- ақпараттық қауіпсіздік жөніндегі жұмыстармен байланысты өз бөлімшелері қызметкерлерінің біліктігін арттыру қажеттіліктерін анықтау, ақпараттық қауіпсіздік мәселелері бойынша үшінші тұлғаларды хабардар ету;

- шарттық келісімдерге сәйкес өз бөлімшелерінің қызметкерлерінің және үшінші тұлғалардың АҚМЖ талаптарын сақтау;

- ақпаратты ашу тәртібін өз қызметкерлерінің назарына жеткізу;


- ақпараттық қауіпсіздік саласындағы болған оқиғаларды немесе белгілі болған осал жерлері туралы АҚМЖ үшін жауапты тұлғаны дереу хабардар ету;

- ҚМГ ішкі құжаттарына сәйкес АҚМЖ тиімділігіне мүмкіндік беретін өз қызметкерлерін ДКБ-мен бірге ынталандыру және қолдау көрсету үшін жауапкершілік алады.

ҚМГ қызметкерлері АҚМЖ қолдану саласында келесілер:

*Ан*



|   |   |                          |
|---|---|--------------------------|
|  <b>ҚазМұнайГаз</b><br><small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small> | <b>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Ақпараттық қауіпсіздік менеджменті жүйесі бойынша басшылық</b> |                          |
| <b>Нұсқама</b>  | <b>4-нұсқа</b>  | <b>16-беттің 13-беті</b> |

- АҚМЖ құжаттарының талаптарын сақтау;
- жұмыс орнында («таза экран» және «таза үстел» саясаты) және мобильді құрылғылармен жұмыс кезіндегі ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша талаптарды сақтау;
- ақпараттық қауіпсіздік саласындағы болған оқиғаларды немесе белгілі болған осал жерлері туралы құрылымдық бөлімше басшысын дереу хабардар ету үшін жауапкершілік алады.

Ақпараттық қауіпсіздік талаптарын бұзған ҚМГ қызметкерлеріне қатысты тәртіптік жауапкершілікке тарту шаралары қабылдануы мүмкін.

АҚ саласындағы персоналды дайындау, хабардар ету және құзыреттілігін қамтамасыз ету тәртібі келесі құжаттарда сипатталған:

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ бос әкімшілік лауазымдарға конкурстық іріктеу қағидасы (**KMG-PR-838.7-47**);

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Еңбек тәртібінің қағидасы (**KMG-PR-1167.3-6**);

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ қызметкерлерін оқыту мен дамыту қағидасы (**KMG-PR-434.8-6**);

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ қызметкерлерін қабылдау, ауыстыру, орнын ауыстыру туралы жұмыс нұсқаулығы (**KMG-RI-898.6-6**).

## 6. АҚМЖ ішкі аудиті

ҚМГ-да АҚМЖ ішкі аудит тұрақты (жылына бір реттен кем емес) жүргізіледі.

АҚМЖ үшін жауапты тұлға АҚМЖ ішкі аудитін ұйымдастырады. АҚМЖ ішкі аудитін жүргізу үшін қажетті барлық операциялар ҚМГ ақпараттық ресурстарының құпиялылығын, тұтастығын және қолжетімділігін, сондай-ақ бизнесті үздіксіз жүргізуді қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды ескеріле отырып, жоспарланады.

АҚМЖ ішкі аудиті «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ процестерінің аудитін жүргізу жөніндегі қағидаға (**KMG-PR-147.8-59**) сәйкес жүргізіледі.

## 7. Басшылық тарапынан АҚМЖ талдау


### 7.1 Жалпы ережелер

Басқарма төрағасы жылына 1 реттен сирек мерзімділікпен АҚМЖ жарамдылығын, барабарлығын және нәтижелілігін, сондай-ақ ISO 27001:2013 стандартының талаптарына және ҚМГ ішкі талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету үшін АҚМЖ нәтижелілігін қарайды.

Бұл талдау ақпаратты қорғау саясатын және ақпаратты қорғау мақсатын қоса алғанда, АҚМЖ жақсарту және өзгерістеріндегі қажеттіліктер үшін мүмкіндіктерді бағалауды енгізуі тиіс. Бұл ретте АЖ техникалық сәйкестігін талдау АҚ блогының жауапты қызметкерлерімен тұрақты түрде жүргізілуі тиіс.

*Ол*



|  |   |                          |
|--|---|--------------------------|
|  <b>ҚазМұнайГаз</b><br><small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small> | <b>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Ақпараттық қауіпсіздік менеджменті жүйесі бойынша басшылық</b> |                          |
| <b>Нұсқама</b>   | <b>4-нұсқа</b>  | <b>16-беттің 14-беті</b> |

Басқарма төрағасы АҚМЖ бойынша басшылық өкілімен бірге АҚМЖ талдау үшін қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ менеджменті жүйесі жөніндегі кеңесті өткізу датасын белгілейді.

Қажеттілік болған жағдайда, АБЖ және АҚМЖ жөніндегі кеңес мүшелерінің біреуінің ұсынысы бойынша АҚМЖ талдауға арналған жоспардан тыс отырыс өткізілуі мүмкін.

Талдау нәтижесінде АҚМЖ талаптарын орындау деңгейі мен ағымдағы мәртебесі бағаланады, соның негізінде Басқарма төрағасы жүйені бұдан әрі жетілдіру бойынша шешімдер қабылдайды.

Қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша АҚМЖ талдау жөніндегі отырыс жұмысына АБЖ және АҚМЖ жөніндегі кеңестің барлық мүшелері, сондай-ақ өзге де мүдделі қызметкерлері қатысады.

АҚМЖ бойынша басшылық өкілінің келісімі бойынша АҚМЖ үшін жауапты тұлғамен отырыстың күн тәртібі дайындалады, Басқарма төрағасымен қаралады және кеңестің барлық қатысушыларына «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Сапа менеджменті жүйесі жөніндегі кеңес туралы ережеге (KMG-PL-1093.7-59) сәйкес оны өткізгенге дейін 2 жұмыс күнінен кешіктірмей хабарланады.

## 7.2 Талдау үшін кіру деректері

Басшылық тарапынан АҚМЖ талдауды жүргізу үшін АҚМЖ бойынша басшылық өкілі АҚМЖ жұмыс істеуі және ҚМГ-дағы АҚ жай-күйі туралы есепті әзірлеуді ұйымдастырады.

Құрылымдық бөлімшелердің басшылары белгіленген мерзімде АҚМЖ үшін жауапты тұлғаға есепті әзірлеуге қатысты ақпаратты ұсынуға міндетті.

Есепте келесі ақпарат:

- басшылық тарапынан алдыңғы талдаудан туындайтын келесі іс-қимылдар туралы;
  - алдыңғы тәуекелдерді бағалауда қарастырылмаған осал жерлері немесе барабар қатерлер туралы
  - аудит нәтижелері және АҚМЖ талдау;
  - аудиттер мен тексерулер нәтижесінде анықталған сәйкессіздіктерді жою, түзетуші әрекеттердің мәртебесі туралы;
  - әдістемелер, өнімдер немесе рәсімдер, сондай-ақ АҚМЖ нәтижелілігін және жұмыс сапасын жақсарту үшін ҚМГ-да пайдаланылуы мүмкін кез келген өзгерістер туралы;
  - АҚМЖ жақсарту бойынша ұсыныстар және нәтижелілігін өлшеу нәтижелері туралы қамтылуы тиіс.

*Ан*





### **7.3. Талдау нәтижелері**

ҚМГ басшылығы тарапынан талдау нәтижесі АҚМЖ ең үлкен нәтижелілігі үшін қажетті жүйелерді, процестерді, рәсімдерді жетілдірумен байланысты шешімі болып табылады. Талдау нәтижесінде АҚМЖ саясаты мен мақсаттарын өзгерту қажеттілігі, сондай-ақ АҚМЖ бұдан әрі жақсарту үшін қажетті ресурстарға деген қажеттілік белгіленеді.

Басшылық тарапынан талдау жүргізу нәтижесінде қабылданатын шешімдер келесілерге бағытталуы тиіс:

- АҚМЖ нәтижелілігін жақсарту;
- тәуекелді бағалауды және тәуекелді өңдеу жоспарын жаңарту;
- ақпаратты қорғауға әсер ететін басқару рәсімдері мен құралдарын өзгерту, егер бұл қажет болса, АҚМЖ келеңсіз әсер етуі мүмкін ішкі немесе сыртқы оқиғаларға жауап беру үшін өзгерту. Мұндай оқиғаларға жатады: іскерлік талаптар, қорғау талаптары, қолданыстағы іскерлік талаптарға әсер ететін іскерлік процестер, нормативтік немесе заңнамалық талаптар, шарттық міндеттемелер, тәуекелдер деңгейлері және (немесе) тәуекелдерді қабылдау критерийлері;

- қажетті ресурстармен қамтамасыз ету;
- басқару құралдарының нәтижелілігі қалай өлшенетіндігіне байланысты жақсарту.

ҚМГ басшылығы тарапынан талдау қорытындысы бойынша қабылданатын шешімдер «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ менеджменті жүйесі жөніндегі кеңес отырысының хаттамасында жауапты орындаушыларды және орындау мерзімі көрсетіле отырып, құжатталады.

### **8. АҚМЖ жақсарту**

ҚМГ басшылығы тиісті оқыту арқылы ақпараттық қауіпсіздік тиімділігі байланысты болатын тұлғалардың қажетті құзыреттілігін қамтамасыз етеді. ҚМГ басшылығы тарапынан талдау қорытындысы бойынша қабылданатын шешімдер негізінде АҚМЖ түзетуші іс-қимылдар мен жетілдіру жоспары бекітіледі. АҚМЖ тұрақты жақсарту «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ процестерінің аудитін жүргізу жөніндегі қағидаға (KMG-PR-147.8-59) сәйкес түзетуші және ескертуші іс-қимылдарды жүйелі орындаумен қамтамасыз етіледі.

### **9. Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін қолданылатын басқару құралдары**

Басқару мақсаты мен қолданылатын басқару құралдары «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ АҚМЖ басқару құралдарының қолданылуы туралы декларацияда көрсетілген.





## 10. Қорытынды ережелер

Осы Нұсқама, сондай-ақ соған енгізілетін барлық өзгерістер мен толықтырулар ҚМГ Басқармасымен бекітіледі.





**ҚазМұнайГаз**  
NATIONAL COMPANY ҚҰБЫҚТЫҚ КОМПАНИЯСЫ


«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ ақпараттық қауіпсіздік  
менеджменті жүйесі жөніндегі нұсқаулыққа келісу парағы  
4-нұсқа

ИБЖ нысаны


KMG-F-235.13-8/ RG-6.13-8

1 беттің 1-беті

| Лауазымы   | Визасы, күні   | Аты-жөні      |
|--|--|---------------|
| Құқықтық қамтамасыз ету жөніндегі басқарушы директор |  | М. Сәулебай   |
| Стратегия жөніндегі басқарушы директор               |  | Э. Қарымсаков |
| Корпоративтік қауіпсіздік жөніндегі директор         |  | Т. Әлиаскаров |



Шеңкелов



Муратов А. Б.